

**«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесіне ізденуші Даурен Әбілтайұлы Магауянов ұсынған «Қазақстан
Республикасында халықтың көші-қонын құқықтық реттеудің өзекті
мәселелері мен болашағы» диссертациясына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Даурен Әбілтайұлы Магауяновтың «Қазақстан Республикасында халықтың көші-қонын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасында халықтың көші-қонына қатысты өзекті мәселелерге арналған. Халықтың көші-қоны адамзат пайда болған кезден бастап өзекті мәселе болып келе жатыр. Адамның жер бетінде өмір сүруінің бір қыры болып табылатын көші-қон мәселесі ғасырлар бойы зерттеушілердің ұнемі назарында болды. Халықтың көші-қоны күрделі қоғамдық құбылыш болғандықтан мемлекет пен қоғамның барлық салаларына елеулі әсер етуі оған кешенді көзқарас қажет екендігін тағы бір мәрте айқындайды. Қазіргі таңда халықтың көші-қонын реттеу, оны құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету әрбір мемлекеттің міндеттерінің ішінде басты басымдықтарының бірі екендігі айқын.

Қазақстан Республикасында халықтың көші-қон мәселесінің өзектілігі стратегиялық және тұжырымдамалық құжаттарда белгіленген. Қазақстан 2050 Стратегиясында «XXI ғасырдың он жағандық сын-қатерінің бірі болып табылатын жағандық демографиялық теңгерімсіздіктің шиеленісе түсіү жаңа көші-қон толқындарын туғызып, күллі әлемде әлеуметтік шиеленісті қүшайте түсетіні және Қазақстанда заңсыз еңбек көшіп-қонушылары жергілікті еңбек нарықтарын тұрақсыздыққа әкелген елдің жекелеген өңірлеріндегі көші-қон қысымымен бетпе-бет келіп отырғандығымыз туралы айтылған.

Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдаманың «Экономикалық жаһандану» бөлімінде жаһанданудың әлсіреуі өңірлік интеграциялық үдерістердің күшеюіне, атап айтқанда, Қытаймен және Ресеймен байланыстардың нығаюына ықпал ететін болатыны және өз кезегінде, өңірлік интеграцияны қүшайту, ең алдымен, Орталық Азия елдерінен көші-қон ағынының жандануына да ықпал етпек, мұның өзі Қазақстанның көші-қон саясатына ерекше талаптар қоятыны көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті К. К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Үкімет көші-қон үдерісін басқару үшін пәрменді шаралар қабылдауы тиіс» екендігі туралы айтылды.

Қазақстан Республикасының Президенті К. К. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында тиімді көші-қон саясатының қажеттілігі туралы айтылды.

Мемлекет басшысының қысқа уақыт ішінде бірнеше мәрте осы мәселеге назар аударуы тақырыптың аса өзекті екендігіне көз жеткізеді.

Халықтың көші-қоны саласындағы маңызды да күрделі мәселелердің барлығын тиімді реттеуде құқықтық қамтамасыз етудің рөлі ерекше.

Мемлекеттік көші-қон саясатының құралдары мен тетіктері халықаралық құқық нормаларына сай болып, ұлттық құқықтық жүйенің үйлесімді бір бөлігі болуы тиіс.

Осы түрғыдан алғанда Д.Ә. Магауяновтың диссертациялық зерттеу ретінде таңдалған «Қазақстан Республикасында халықтың көші-қоның құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы» тақырыбы өзекті, өз құқықтында қозғалып отырған мәселе және тәжірибелік маңызы бар ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.

Д.Ә. Магауяновтың зерттеу жұмысы отандық және шетелдік ғалымдардың үлкен көлемдегі жұмыстарының пайдаланылуымен ерекшеленеді, бұл жұмыстың қызығушылығын, мазмұндылығын арттырып, бұрын белгісіз болған деректермен және құқықтық ерекшеліктермен толықтыра туksen.

«Қазақстан Республикасында халықтың көші-қоның құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы» тақырыбын зерттеу кезінде пайдаланылған негізгі теориялық және әдіснамалық ережелер көші-қонға қатысты пікірлердің барлығы талқыланып, ғылыми тұжырымдамалар жасалынған. Халықтың көші-қоны мәселесіне арналған зерттеулер экономика, демография, саясаттану, психология, әлеуметтану, тарих ғылымдарында болғанымен, осы тақырып бойынша құқықтық реттеу мәселелерін кешенді зерттеулер кездеспейді.

Қазақстандағы халықтың көші-қоны саласындағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесі, мемлекеттік органдардың қызметін, шет елдердің тәжірибесін, арнайы әдебиеттерді кешенді зерттеу жүргізу және оның негізінде құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған теориялық және тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар әзірлеумен және «халықтың көші-қоны», «халықаралық көші-қон», «ішкі көші-қон», «көшіп қонушы», «көшіп келу», «заңсыз көшіп келу», «заңсыз көшіп келудің субъектісі» ұғымдарының мазмұнын анықтау; халықтың көші-қонының тұрпаттамасы мен жіктеудің әзірлеу; халықтың көші-қонына әсер ететін факторларды анықтау және жіктеу жүргізу; Қазақстан Республикасында көші-қон заңнамасының қалыптасуы мен даму кезеңдерін анықтау; халықтың көші-қонының халықаралық-құқықтық негіздерін зерделеу; шет елдердегі халықтың көші-қоның құқықтық реттеу тәжірибесін талдау; Қазақстан Республикасында халықтың көші-қоның құқықтық реттеудің өзекті мәселелерін анықтау; Қазақстан Республикасында халықтың көші-қоның құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау, анықтау бойынша мақсаттар мен міндеттер зерттеліп, шешілді.

Диссертациялық зерттеу халықтың көші-қоның құқықтық реттеу мәселелері бойынша тұнғыш кешенді зерттеу жұмысы болып табылады. Зерттеу жұмысында халықтың көші-қоның құқықтық реттеудің теориялық әдіснамалық және тәжірибелік мәселелеріне кешенді талдау жүргізіліп, жаңаша көзқарас тұжырымдалды. Тұнғыш рет жүйелі түрде халықтың көші-қонының әртүрлі тұстарын жан-жақты талдау негізінде құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып автормен қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесіне өзгерістер

мен толықтырулар енгізу қажеттілігі негізделді.

Диссертацияның құрылымдылығы мен мазмұндық тұтастығы жағынан жүйелі және негізді, талданатын мәселелері терен түсінумен ерекшеленетін дербес зерттеу ретінде баға беруге болады. Диссертациялық зерттеудің мазмұны зерттеліп отырған мәселені толық әрі жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Автормен жасалған қорытындылар мен ұсыныстар негізгі және ішкі біртұтастығымен және ғылыми маңыздылығымен ерекшеленеді. Диссертацияда Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар ТМД және алыс шет елдердің ғалымдардың кең көлемдегі еңбектері зерттелген. Қорғауға шығарылған ережелер негізделген және өзекті, автордың қазақстандық конституциялық құқығы, мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқығы және криминология ғылымдарының курделі мәселелеріне деген жаңаша көзқарастарын көрсетеді.

Докторанттың жеке үлесі ғалым – осы саладағы мамандардың пікірін есепке алumen қатар көші-қон заңнамасы нормаларын тәжірибеде пайдалану кезінде пайда болатын мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасынан көрініс табады.

Жұмыс жоспары логикалық және құрылымдық жағынан дұрыс құрастырылған. Қазақстан Республикасының көші-қон үдерісін реттеудің құқықтық аспектілеріне статистикалық деректерді қолдана отырып кездесетін мәселелерін аңықтай білген.

Автор халықтың көші-қоның құқықтық реттеудің тұжырымдамалық негіздерін, көші-қон үдерістерін реттеудің халықаралық-құқықтық нормаларын, алыс шетел мен ТМД елдерінің көші-қон саясатын құқықтық қамтамасыз етудің тәжіриbesін қарастырады.

Бұдан кейін автор Қазақстан Республикасында көші-қон заңнамасының қалыптасуы мен дамуы, халықтың көші-қоның құқықтық реттеудің өзекті мәселелері, халықтың көші-қоның құқықтық реттеуді жетілдіру сияқты тақырыптың кейір жекелеме мәселелерін зерттеуге көшеді.

Докторант зерттеуді жүргізу барысында отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми доктриналарын пайдалану, қазақстандық және шет елдік заңнамаларды, халықаралық стандарттарды пайдалану, сондай – ақ құқықты қолдану тәжірибесін талдау арқылы алынған нәтижелерді негіздеуге жаңа көзқарастарды қолданған.

Докторант өзінің ғылыми көзқарастарын дәлелдер арқылы негіздейді, атап айтқанда, докторант халықтың көші-қонының жіктелуін, халықтың көші-қонына әсер ететін факторлардың анықтауына, Қазақстан Республикасында көші-қон заңнамасының қалыптасуы мен дамуының кезеңдеріне, Қазақстан Республикасында халықтың сыртқы көші-қоның құқықтық реттеуді жетілдіру қажеттігін, Қазақстан Республикасында еңбек көші-қоның құқықтық реттеуді жетілдіру мәселелерін зерттеу қажеттігін көрсетеді, заңсыз көші-қонмен күрестің тиімділігін арттыру, Қазақстан Республикасында ішкі көші-қоның құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша, халықтың көші-қоның мемлекеттік басқару саласының ашықтығы пен айқындығының құқықтық негіздерін жетілдіру қажеттілігі, халықтың көші-қоны саласындағы құқық

шығармашылықты жетілдіру бағыты, халықтың көші-қоны саласындағы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру қажеттілігі, халықтың көші-қоны саласындағы қылмыстырылған алдын алушын тиімділігін арттыру бойынша заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастырған. Мәселеге мұндай көзқарас диссертантқа көші-қон заңнамаларды жетілдіру мен дамытуға бағытталған бірнеше нақтылы тәжірибелік және теориялық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, диссертант ұсынған зерттеу жұмысында алғаш рет заң әдебиетінде толық қарастырылмаған және пікірталасты болып табылатын бірқатар ережелерге қатысты жаңа авторлық көзқарас жазылып, негізdedі. Зерттеудің жаңалығын сипаттайтын нақты ережелер ретінде көші-қонның тұрпаттамасы мен жіктеуі, көші-қон факторларының сипаттамасы мен жіктеуі, «халықтың көші қоны», «халықаралық көші қон», «ішкі көші қон», «көшіп қонушы», «көшіп келу», «заңсыз көшіп келу», «заңсыз көшіп келудің субъектісі» құқықтық ұғымдарының авторлық анықтамалары алғаш рет берілді.

Халықтың сыртқы және ішкі көші-қоны, еңбек көші-қоны, этникалық көші-қон, заңсыз көші-қон, халықтың көші қоны саласындағы қылмыстырылған алдын алу саласындағы заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша шаралар кешені ұсынылды.

Бұл ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында халықтың көші-қонын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы» мәселелерін кешенді зерттеу нәтижесі болып табылады және мұндай зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді, мұның өзі Даурен Әбілтайұлы Магауяновты PhD докторы дәрежесіне лайықты ізденуші деп тануға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңесші:

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY

заң факультеті,

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы,

з.ғ.д., профессор

Матаева М.Х.

Матаева М.Х.

